



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Психология туралы ілімнің Қазақстандағы даму жолдары

- . Жан (психика) құбылыстары туралы әр кезде өмір сүрген қазақ ойшылдары да сонау ерте кезден бастап-ақ аз айтпаған. Асанқайғы, Шалкиіз, Мұхаммед Хайдар Дулати, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы, Ақтамберді, Бұхар, Шал, Дулат, Махамбет, т.б. ақын-жыраулар мен ғұлама-ойшылдардың шығармаларында көшпенді ата-бабаларымыздың жан дүниесі әр қырынан сөз болғаны байқалады. Қазақ топырағындағы жан мәселелері жайлы ХХ ғасырдың басында өндірте жазған адамның бірі – Жүсіпбек Аймауытұлы (1829-1931). Жүсіпбектің тәлім-тәрбие тақырыбында жазған еңбектерінің ішінде «Психология» деп аталатын көлемді еңбек айрықша атауға тұрарлық. Өйткені бұл – бүкіл кеңестік түркі тектес халықтар тіліндегі сол кездегі бірден-бір төл туынды

Психология — адамның жеке бірлік ретіндегі психикасын, өзінің сан-алуан сезім, аффективтік, интеллектуалды, басқа да туа біткен функцияларымен бірге сыртқы ортамен өзара әрекетін зерттейтін ғылым, кей-кезде адам мінез-құлығын зерттеу деп те анықталады. Қыруар тараулары теориялық және практикалық бағыттарды қарастырады, қолданбалы бағыттары да сан алуан: терапевттік, қоғамдық, кәсіпкерлік, кей жағдайда саясаттық және теологиялық. Психологияның негізгі мақсаты — психиканы субъективтік структураның, сыртқы ортаны байымдаумен, елестетумен жұптасқан айырықша іс-әрекеттің негізі ретінде зерттеу.

Алғашқы психологиялық ой-пікір қазақ топырағында дүниеге келген шығыстың ұлы ойшылы **Әбу Насыр әл-Фараби** ғылыми еңбектері мен философиялық трактаттарынан бастау алады. Әл-Фараби ілгі ортағасырлық білім-ғылымның барлық салаларының негізін қамтитын орасан мол мұра қалдырды. Сондай ғылым салаларының бірі- психология. Әл-Фараби психология ғылымының әртүрлі мәселелеріне «Ақыл-ой туралы», «Темперамент туралы», «Түс көру туралы сөз», «Жанның мәні туралы», «Ақыл-ой және ұғым», «Жас өспірімнің ақыл ойы туралы кітап», «Ересектердің ақыл-ойы туралы кітап», және т.б еңбектерін арнады. Ол өзінің осы психологиялық еңбектерінде таным үрдістері оның психологиялық және физиологиялық табиғатына мән бере келіп, түйсіну туралы, оның түрлері, көру, есту, дәм түйсіктері, сезімнің пайда болуы, ойлау, қиял сияқты жан үрдістеріне сипаттама береді.



Қазақ топырағындағы
жан мәселелері жайлы
XX ғасырдың басында өндірте жазған
адамның бірі – Жүсіпбек Аймауытұлы
(1829-1931). Жүсіпбектің тәлім-
тәрбие тақырыбында
жазған еңбектерінің ішінде «Психология»
деп аталатын көлемді еңбек айрықша
атауға тұрарлық. Өйткені бұл – бүкіл
кеңестік түркі тектес халықтар тіліндегі
сол кездегі бірден-бір төл туынды



1590 жылы	"Психология" терминінің бірінші қолдануы 1590 жылы Неміс <u>схоластик</u> пәлсапасышы <u>Рудольф Гекельге</u> беріледі.
1879 жылы	"психологияның атасы" болып танылған <u>Вильхельм Вундт</u> (1832-1920) Германияның Лейпциг Университетінде психологиялық зерттеу зертханасын ашты
1890 жылы	<u>Вильям Джеймс</u> , америка пәлсапасышысы өзінің "Психология Принциптері" атты жемісті кітабын жариялап, келесі жылдарда психологтардың назарын жинақтаған көптеген мәселелерінің іргетасын қалады.
1890 жылы	Аустрия дәрігері, <u>невролог</u> , тәжірибелік психологияда бейресми білімі бар <u>Зигмунд Фрейд</u> психотерапияның жаңа <u>әдісі</u> — <u>психоанализді</u> дамытты

Қырқыншы жылдарға дейін әзірбайжан, өзбек, түрікпен, қырғыз, башқұрт, татар т.б. тілдерде мұндай еңбектердің болмағанын ескерсек, осы басылымның бағасы ерекше арта түседі. Петербургтегі әскери-медициналық академияның түлегі Халел Досмұхамедов (1883-1939) Алаш қозғалысының белсенді қайраткері болумен қатар, әртүрлі ғылым саласында (медицина, физиология, тарих, әдебиет, психология, т.б.) өзін үлкен биіктен көрсеткен тұлға еді. Ол қазақ этнопсихологиясының іргетасын қалаушылардың бірі болды. Оның «Тіл – жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт...
Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру – зор қате» деуі қазіргі кездегі мемлекеттік тілді өркендету, дамыту мәселесімен ерекше үндесетіні хақ.

Осы кезде ғұлама ақын М.Жұмабаев (1893-1937) «... қазақ баласының тәрбиесі қазақ тұрмысына қабысуы мақұл» дейтін аталы сөзін өзінің «Педагогика» атты кітабындағы психологиялық түйіндердің негізгі арқауы етті. 1923 жылы Орынборда В.Я.Струминскийдің (1880-1967) «Психология» атты көлемді еңбегі жарық көрді. Сол жылы Ташкентте П.Н.Архангельскийдің «Мектептегі психологиялық зерттеулер» деген еңбегі, Н.Құлжанованың «Мектепке дейінгі тәрбие», Ғ.Қарашевтің «Педагогика» атты төл туындылары жарық көрді. 1935-1948 жылдар арасында Семейде қызмет еткен белгілі орыс психологі А.П. Нечаев (1870-1948) «Психофизиологиялық синдромдар жүйесі» (1940), «Психология» атты оқу-құралын жазды. 30-40 жылдары психологияға қатысты зерттеулерді қазақ ғалымдары да (Ш.Әлжанов, С.Балаубаев, С.Қожахметов, Ә. Сыдықов, Т.Тәжібаев, А.Темірбеков, т.б.) жүргізіп келді. Соғыс жылдары елімізде қызмет еткен профессор Г.С.Костюк, профессор В.Я.Резник, профессор П.М.Рубинштейн т.б. республикадағы психология ғылымының дами түсуіне жәрдем етті. Қазақстандағы психология ғылымы, әсіресе, Ұлы Отан соғысының кейінгі жылдарда елеулі қарқынмен дами бастады. Мәселен, 1946 жылы Қазақ педагогикалық институтында (қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті) тұңғыш рет психология кафедрасы, 1947 жылы Қазақ университетінде логика және психология мұғалімдерін даярлайтын арнаулы бөлім ашылды. 1951-1953 жылдары осы бөлімді жүзден астам түлектер бітіріп шықты. Бұлардың көпшілігі психология мамандығын иеленіп, еліміздің оқу орындарында, ғылыми мекемелерде қызмет ете бастады.

Қазіргі кезде психологиялық зерттеулердің кешенді тақырыптары қолға алынып, оларды ұлт өміріне орайластыра жүргізудің маңызы артып отыр. Осы тұрғыдан келгенде, ауыл-село мектептерінің әлеуметтік психологиялық мәселелері, мал шаруашылығына қажетті мамандардың, сондай-ақ, жаңа типтегі лицей, гимназия, колледж, медресе шәкірттерін оқытып, тәрбиелеудің психологиялық проблемалары, талантты, дарынды оқушылардың өзіндік психологиясын, қостілдік пен көптілдіктің психологиялық астарларын зерттеу, нарық экономикасына көшуге байланысты туындайтын сан алуан психологиялық жайттар алдағы жерде өз шешімін күтіп тұрған өміршең ғылыми мәселелер болып табылады. Ортағасырлық қазақ ғалымы Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының (1388-1488) жан туралы пайымдаулары ерекше назар аудартады. Оның басты еңбегі «Шипагерлік баянда» көптеген психологиялық ұғымдар (түйсік, ойлау, сөйлеу, қиял, дағды, т.б.) туралы қызықты мағлұматтар бар.